

ӘОК 398.1

М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ МӘСЕЛЕСІ

Елубаева Қымбат Батырханқызы

Elubaeva.95@bk.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ

«Философия» мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Бозжігітова М.М, ф.ғ.к., доцент м.а

«Қайғы-қасірет» - бұл өмірлік мәні бізге қарапайым, санаға да түсінікті болып көрінетін ұғымдардың бірі. Алайда оның қарама-қайшы әрі күрделі философиялық мазмұны бар.

Қасірет ерте заманнан бері әртүрлі ғылымдардың зерттеу нысаны болды, бірақ осы

уақытқа дейін бұл құбылысты жеткілікті түрде толық түсіндіретін бір теориялық модельге келу мүмкін болмады. Мұның себебі – бұл құбылыстың күрделілігі мен сәйкессіздігі деп білеміз. Қасіретті әртүрлі жолмен түсіндіруге болатын сияқты. Психологиялық тұрғыдан алғанда, азап – бұл ұнамсыздық сезімімен байланысты ерекше тәжірибе. Әлеуметтік аспектіде қайғы-қасірет – басқалардың мойындамауының нәтижесі.

Жоғарыда аталған тәсілдердің барлығын дұрыс деп атауға болатынына қарамастан, оларды біржақты, шектеулі деп есептейміз. Философия ғана өзінің ерекшелігінің арқасында қасіреттің әмбебап аспектілерін ашуға, оны тұтас, жан-жақты түсінуге қабілетті. Бұл тұрғыдағы философияның міндеті, біздің ойымызша, қасіреттің мәнін ашу және талдау, оның концептуалды және категориялық мәртебесін анықтау. Оның үстіне, Аристотель заманынан бастап азап категориялық мәртебеге ие болды (азап – Стагирит анықтаған 10 философиялық категорияның бірі). Сонымен қатар, бұл ұғымның метафизикалық қырын зерттемей, сурет толық деуге болмайды.

Қайғы-қасірет философиялық түсінігі ежелгі дәуірден бастап (-ақ) Аристотель, Платон, Эпикур, Сенека сынды классиктердің еңбектерінде қалыптаса бастады. Алайда бұл кезеңдегі дүниетанымда аталған ұғымның негізделуі мүмкін емес еді. Қайғы-қасірет адамға тағдырына сәйкес беріледі, пенденің таңдауына бей-жай қарайды деп есептелді. Алайда Эсхил шығармаларында Зевс-құдай қайғы-қасірет арқылы даналыққа жетелейді. Эпикурдың да пікірінше, даналық – философияны танудың нәтижесінде жан қайғысын емдейді.

Стоицизмнің ең ірі өкілдерінің бірі Луций Анней Сенека тағдырмен татуласуға, оған мойынсұнуға шақырады. Қасіреттен құтылудың құралы, оның ойынша, алаңсыз өмір. Бақыт үшін емес, ақыл-ой интеллектуалдық әрекетінің көмегімен қол жеткізілген тыныштық үшін көндіуге жетелейді.

Қайғы-қасірет тақырыбы барша философиялық ойларда және мәдени ғұрыптарда кездеседі. Әр халықтың қайғы-қасіретке деген көзқарасы әр түрлі және одан құтылу жолы да әрқилы. Мысалға, буддизм «өмір - қасірет» деген ойдан тараған. Әйтседе қасіреттің ләззатқа үстемдігі жай ғана болжам болып қала берді. Кейінгі буддизмнің кей жақтары шынымен де пессимистік бағытта дамыған. Бірақ Будданың алғашқы ілімдерінде жағдай біршама басқаша. Бұл ілім өмірде қасірет шексіз жалғасатындығын, ұдайы жанарып отыратындығын мойындайды. Алайда ол адамгершілік тәрбиесінің азат етуші күшіне және адам табиғатының бірте-бірте жетілетін қабілетіне сенуден туындайды.

Қасірет мәселесі христиандық доктринада орталық тараптан орын алған десе де болады. Христиандар азап шегуді, әуелі жазасын өтеу, күнәдан тазару деп ұқса, кейін құтқару жолы деп түсінді. Мәсіхтің құрбандығын қасіретті азаптан құтылу кепіліне айналдырды: ортағасырлық христиан мистицизмі қасіретті Құдайдың адамға деген сүйіспеншілігінің белгісі ретінде қарастырды.

Жаңа заман рационалистері Б.Спиноза мен Г.Лейбниц: «азап – сәйкес келмейтін білім салдары» - деп түсіндірді. Дегенмен, қайғы-қасірет философиялық категория ретінде өз бағасын И.Канттың еңбектерінде алды. Кейінірек И.Фихте мен И.Гегельдің шығармаларында да қасірет көрініс тапты.

Классикалық философияның қасіретті түсінуге иррационалдық қарсылығы, атап айтқанда, А.Шопенгауэр мен Ф.Ницшенің еңбектерінде бедерленген. Ф.Ницше үшін азап – жанның ұлылығына апаратын құрал. Оның ойынша, қасірет адамның дүниеден алшақ болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, Ницше жазғандай, «бақыттың қысқаша ессіздігін» қатты азап шеккен адам ғана бастан кешіреді. А.Шопенгауэрдың ойынша, өмірдің бәрі үздіксіз көңіл қалумен қайғыдан тұрады. Ол әрбір индивидте оған тән азап дәрежесі оның табиғатымен біржолата анықталады деген болжамға бейім.

Қасірет мәселесін философтар (К.С. Льюис, С. Кьеркогор, А. Швейцер) теологиялық тұрғыдан қарастырды. К.С. Льюистің шығармашылық мұрасын талдау қайғының онтогносеологиялық моделін құру мақсатына лайық деп санаймыз. Ол «Қасірет» трактатында азап мәселесін христиандық доктрина арқылы қарастыра отырып, адам өмірінде атқаратынын рөліне қарай оны бірнеше түрге бөледі. Азапты ем деп, жаза ретінде,

бақытқа апарар жол ретінде, білім деп те, сынақ деп те бөліп қарастырады.

Неміс философы әрі дінтанушысы А. Швейцердің пікірінше, барша қасіреттің негізі мен түсіндірмесін табу мүмкін емес. Ол И.В. Гете дүниетанымының негізгі белгісін тамаша сипаттайтын «өмірді қастерлеу» атты ғажап формуланы жеке бөліп алады. «Өмірді қастерлеу» арқылы ғана азаппен күресуге болады деген тұжырым жасайды.

Қайғы-қасіретке экзистенциалды философия өкілдері: А. Камю, Ж.-П. Сартр, С.Л. Франк, М. Хайдеггер зор көңіл аударды. Экзистенциализмде қасірет - экзистенцияның негізі. М.Хайдеггерде ол – қорқыныш, әуелі – өлім қорқынышы. Бұл – адамның дүниедегі шектілігін түсінудің азабы әрі оны тәуелсіз болмысқа жетелейтін кез келген нәрсені өзгертуге дәрменсіздігі. К.Ясперс шекаралық жағдайлар деген ұғымды енгізген. Бұның ең таңқаларлық оқиғасы – өлім. Бірақ азап, күнә, күрес те адамды шекаралық жағдайға түсіреді. Бұл күйде экзистенция адамға барынша айқын ашылады.

Қайғы-қасірет адам психикасының күйі ретінде В. Франкл, З. Фрейд, Э. Фромм екектерінде зерттелді. В. Франклдың пайымдауынша, уайымның ерекшеліктері мен түрлері секілді, қайғы деген ұғымның өзі де бар, ол адамды апатиядан, рухани құлдыраудан қорғап, адамды рухани әлі өнегелік тұрғысынан бай әрі мықты етеді.

Аталмыш тақырыпқа орыс философтары да өзіндік пікір білдірді. В.Соловьев қасіретті «іштегі болмысқа өзге нәрсенің әсері» деп түсіндіреді. Адам үшін сол іштегі болмыс оның өз бойындағы шектеулері, әсересе өзімшілдік болып саналады. Сондықтан қасіреттен құтылу - өмірден баз кешу емес, керісінше, бойындағы эгоны, яғни махаббатты жену. Н. Бердяев мұннан құтылудың жалғыз жолын шығармашылықта көрініс табатын қасіреттен табады. Көптеген психологтардың жұмыстарында азап адамның денсаулығына қауіп төндіріп, оны невроз бен психозға алып келетін күй деп түсіндіріледі. Қазіргі өмір сүру үрдісіне көз жүгірте отырып, адамның ішкі әлемінде қасіреттің барған сайын үдеп, қарқынды дамып жатқандығын байқауға болады.

Адам болмысындағы панасыздық, жалғыздық, шарасыздық тақырыбында жазылған туындыларды философияда экзистенциализм ағымы қарастырады. «Экзистенциализм – қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында өрбиді. Себебі қазақ қоғамындағы өзгерістер, экзистенциялық дағдарыс, рухани құлдырау мәдениет пен әдебиетте экзистенцияның дамуына алып келді» [1, 207-208].

М. Әуезов шығармашылығының алғашқы кезеңіне жататын әңгімелерінің тігісі ХХ ғасырдағы реалистік әдебиет кеңістігіне оңайлықпен жата қойған жоқ. Алайда тұңғыш туындыларынан-ақ адамзаттық тіршілік заңдарымен басқарылатын кейіпкерлердің жасырын «серіппелерін» ашатын тұрмыстық қарапайым оқиғаларды, жағдайларды байқауға болады.

Нақты тарихи жағдайларда жалпытұрмыстық қарама-қайшылықтардың үдеуі байқалады. Осылайша дәстүрлі сарындағы өмірлік тұрпаттағы материалға жаңаша түсініктеме беріледі. М. Әуезовтің ертеректегі прозасы өзінің эстетикалық құрылымы жағынан ауыр әрі санқырлы. Жазушының шиеленістен қарапайымдылыққа қиылыс-бұрылыстары ішкі суреткерлік белгілерімен түсіндіріледі. Философиялық ойлардың шынайы өмірмен байланысы мен шығармашылық ізденістердің ішкі болмысын қарастырып көру, яғни философиялық концепциялардың, постулаттардың тікелей тіршілік етуі тиімді болар еді, дәл осындай философиялық ойлардың іске асуы бізге экзистенциализм туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өмір мен өнердің өзара алмасуындағы ізденістер сөз зергерінің идеялық-эстетикалық бағдарының сан қырлылығын көрсетеді. Әрине, жазушы шығармашылығындағы экзистенциализм туралы қалыптасқан жүйе ретінде әрі оның әдеби әрекеттегі түрлендіруші рөлі туралы айтудың өзі ақылға қонымсыз болар, десе де жеке басындағы шынайы құбылыстардың берген тәжірибесі мен өмірге, мәдениетке осындай ерекше көзқарастың бар екендігін айту керек. Бұл тұрғыдан алғанда ойлаудың бұл түрі қазақ жазушысы шығармашылығымен жақсы таныс болған, еуропалық және орыс жазушыларына тән екендігіне мән берген жөн. Сондықтан да М. Әуезовтің алғашқы шығармаларындағы философиялық сарындар жеке зерттеу жұмыстарын қажет етеді әрі тұлға ойының тереңдігін аңғаруға септігін тигізеді.

Әдебиетте қайта ұйымдастыру болып жатқан шақта, Мұхтар Омарханұлы «қарсыластың» ашуына тимейді-ау деген, өз ішімізде бар, бірақ көзге көрінбейтін мәселелерді шешумен айналысты. Қаламгерді «жергілікті тұрмыстың» драматизмі туралы, әлемдік тәртіптің «өмірлік» сұрақтарына жауап берудегі жеке адамның орны мен мәні туралы, адамзаттық тіршіліктегі кедергілер туралы ойлар толғандырды. «Өмірлік факті» мен автор ретіндегі уайымы оның әңгімелерінде көрінісін тапты және осы ерекшелігі оны экзистенциалды ойлауға итермеледі. Бәлкім, жас жазушы өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, философиялық білімінің өміршендігін байқап көргісі келген де болар.

Дүние мен адам үндестігі – белгілі бір мәселелердің экзистенциалды тұжырымы байқалатын жазушының алғашқы прозасының негізгі тақырыптарының бірі. Бұл тұрғыдан «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қыр әңгімелері» сынды шығармаларын қарастыруға болады. Осымен байланысты автор өзіне тұрақты екі категория: мазмұн және оқиғаны бөліп алғандығын, әрі оны қыр адамының қиындыққа толы өмірінде жандандыруды мақсат тұтатындығын байқауға болады. М.Әуезов кейіпкерлерінің өміріне ілесіп келе жатқан болмыс құбылысы, оның түсіну сипаты, бағыты ХХ ғасырдың басында кеңінен тараған бір сапалы дүниетаныммен айқындалады.

Аязды, түсі бозарған, қарлы «қорғансыздар» кеңістігінде зұлымдық энергиясын өзімен бірге алып жүретін боран қайдан жүргенін Құдай біледі, қандай күнәлары үшін екендігін де Құдай біледі... Ал оның аясында жалғыз қыз абдырап қалды. Жүрегінде жазмыштың қансыраған жарасын сезу – өзінің түкке тұрғысыздығын, «жетім» екендігін, тағдырдың қатігездігін сезіну. Әкесі мен ағасының бейіттерінде де, барлық жерде болатын боран. Боран - өлім хабаршысы еді.

Бұл экзистенциалды ұғымдар өткен ғасырдың көрнекті суретшілерінің бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ертедегі әңгімелеріне қатысты. Әуезов үшін оның кейіпкерлерінің қандай ахуалға түсуі маңызды.

«Қорғансыздың күні» әңгімесінде қаһарлы боранның суреттелуі басты орын алады. Бүкіл тіршілік кеңістігін қарға толтырып, дүниені жұтқысы келетін боран барда, қисық мұржадан түтін жұтқан Ғазизаның кішкентай үйі – өмірдің соңғы қорғаны іспетті. Әуезов үшін бұл бір-біріне қарама-қарсы қағидалар арасындағы күрес, екіге жарылған шындық жағдайы.

Бар нәрсені жоюға ұмтылатын әмбебап күштің бір түрі Мұхтар Әуезовтің көптеген шығармаларында кездеседі. Бұл символдық ғарыштық құбыжықтың алдында адам болмысы өзінің соңғы демін күтіп тұрғандай қорғансыз болып көрінеді. Бұл жерде, Мартин Хайдеггер айтқандай, «адам тіршіліктің әміршісі емес». Әуезовтің айтуынша, ол тіпті «тіршіліктің бақташысы» да емес, керісінше, «Адам – Тағдырдың қолындағы ойыншық». Классикалық оқиғаның сюжетін қайта айтудың қажеті жоқ шығар. Ғазизаны болыс билеушісі Ақан зорлағаннан кейінгі күйін ғана еске алайық. Дәл осы жерде әңгіме шарықтау шегіне жетеді. Алдымен ол әкесінің, ағасының өлімінің мән-жайын және зардаптардың барлық ауырлығын есіне алады. Соқыр ана, әлсіз әже. Тағдыр берген жетімдіктің үлесі. Кедейлік пен азап. Ал соңғысы – кездейсоқ келген қонақтың зорлығы. Сана үнсіз наразылық тудырады. Тіршіліктің барлық әділетсіздігіне қарсы рухани көтеріліс түрі осы. Қорғансыз жас қызды алғаш рет өмірдің негізгі бөлігі болып кеткен тұрмыстың кесірлі сұрақтары мазалайды.

Бұл азаптан қалай құтылуға болады? Осы мәңгілік жоқшылық пен ұяттан ше? Осы жабысқақ сезімнен азап шегуден ше? Ғазизаның бір ғана жолы қалды. Ол оны таңдады. Ол өзін осынау ауыр тағдырдан, тіршіліктің осы «қатігез» ағынынан аластата алды. Өйткені ол өзіне бағынатын жалғыз еркіндік «өлім бостандығы» екенін түсінді. Әділетсіз Өгей Тағдырдың айла-шарғысына қарсы өз қолымен жасай алатын жалғыз нәрсе – өлім. Және соңғы шешім.

Ғазизаның өлім алдындағы әсерлі монологы – тағдырдың ғадауатынан нәзік жанның есеюі, тазалыққа апарар жолы...

Мұхтар Әуезов әңгіменің алғашқы нұсқасын аяқтай келе: «Енді азаптан, ұяттан құтылды, әулие екен» [2, 28] деп жазуы тегін емес. Әрине, киелілік оның саналы, азап

шегетін таңдауында.

Әңгіменің соңы таң қалдырады. Қаһарлы, мәңгілік боран – ажал хабаршысы, далада ажал құшағында жүріп, жалғыздықтың әнұранын таратып, Ғазизаның қолынан жетектейді. Ол адам рухының ұлылығын жариялай отырып, мәңгілік сапарға апарады.

Сонымен, саналы түрде рухтандырылған, тірі бейнедей - тірі адамды өлім қойнына алып бара жатқан боран - жаңа Заманның символындай. Мәңгілік жалғыздық («Қаралы сұлу»), жоқшылық, қауқарсыздық, «жетімдік», онтологиялық жалғыздық («Қорғансыздың күні», «Жетім» т.б.) – бұл, бір жағынан, Мұхтар Әуезовтің алғашқы шығармаларында әдейі жасалған ахуал болса, расында, ол жазушының туған даласына сол кездегі жасырын жақындап келе жатқанақылға сыймайтын зілзаланы сезінуі. Әуезовтің данышпандығы, батыл көрегендігі оның дәуірін көркемдік құралдармен бейнелей алуында. Иә, данышпан Әуезовтің символдық тұрғыда болжаған, бұл зұлым күші қызыл, ақ реңктермен қанды төңкерістер арқылы Ұлы Далаға дейін сыпырып келді...

В. Пропп өзінің «Фольклор и действительность» атты кітабында: «Сюжет не возникает как прямое отражение общественного уклада. Он возникает из столкновения, из противоречий смещающих друг друга укладов. Проследить эти противоречия, проследить, что с чем столкнулось в исторической действительности и как это столкновение рождает сюжет, – в этом и состоит наша главная задача» [3,93] - дейді.

Біз мақаламызда қазіргі замандағы ең ірі философиялық және әдеби ағымдардың бірі – экзистенциализмді сөз еттік. Экзистенциализмнің әлемдік интеллектуалдық қозғалыс ретінде екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және одан кейін түпкілікті қалыптасқанын ескерсек (Марсель, Сартр, Камю), Әуезовтің де сонау дәуірдің ішкі болмысын білдіретін ұқсас ой-пікірлері, метафоралары болған. Әрине, біз Әуезовке ХХ ғасырдағы ең ірі интеллектуалдық қозғалыстың бастаушысы рөлін жатқызуды мақсат етіп отырған жоқпыз (бұл Кьеркегор, М. де Унамуно, Кафка, Достоевский және т.б. шығармаларынан бастау алады). Бірақ ол Мартин Хайдеггер, Карл Ясперс, Габриэль Марсель, Альбер Камю және ХХ ғасырдың басқа да ірі ойшылдарымен бірге өз ғасырының рухани бағытын алдын ала белгіледі, бүкіл тарих ағымын болмаса, дәуірдің ішкі мәнін болжаған.

Мұхтар Әуезов «Қорғансыздың күні» шығармасында дала қысқы қатал аязы мен ақ боранының шеңгеліне түскен қорғансыздардың аянышты тағдырын бейнеледі. Бұл ХХ ғасырдың шындығы еді, сондықтан да әдебиеттануда сыншыл реализм деген жанрға сыйды. Десе де сол дәуір өзімен бірге қасіретін ала кетпеді, қалдырды. Жаңа ғасыр ұрпақтары да сол қайғының қатігез лебін сезуде. Ол кезде табиғат мінез көрсетсе, бүгінде заман қатігездене түскендей. Тіпті кішкентай бүлдіршіндеріміз де ілесе кетті. Тағдыр дейміз бе? Әлде жазмыш дейміз бе? Белгісіз. Ғаламтордың үздіксіз жұмыс істеп тұрған кезінде көре-көре адамдардың жүрегі де қатая бастағандай, ештеңеге таң қалмайды. Педофилдың жемтігіне айналған кішкентайлар сол Ғазизаның күйін кешуде. Соқыр шеше мен кәрі әжесі ғана бар жанына пана таба алмай өмірден өтті. Екі қамқоры болса да, жетімнің күйін кешті. Бүгінгінің баласы отбасының жанында да – жетім. Азғындалған адам ба, әлде қоғам ба, жауабын ешкім айта алмас. Қаламгер қаламынан туған шығарма өзектілігі өткен дәуірге қарағанда бүгінде арта түскендей.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім «Кемеңгер Мұхтар» атты еңбегінде: «Мұхтардың «философия дегеніміз ой тәрбиесі» дегені – мақаланың негізгі идеясы. «Философия – адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ», - дейді ол. Бұл істі Мұхтар тамаша орындап шыққан, оған дәлел: оның айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де әлі философиялық мәселелерге жаңа заман тұрғысынан қайтадан зер салу қажеттілігі де күн тәртібінде тұрғанын мойындаған жөн» [4, 312] деп қорытындылаған. Мұхтар Омарханұлы шығармашылығы – бір дәуірдің ғана жаршысы емес, қай кезеңде болмасын, қазақ өмірінің бет-бейнесі болатындығы анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра,

2006. — 486 б.

2. Әуезов М. Қорғансыздың күні. – Алматы: Атамұра, 2002, – 429 бет. 3. Пропп Ф. Фольклор и действительность. - М.: Наука, 1976. — 327 с. 4. Есім Ғ. Кемеңгер Мұхтар. – Астана, 2017, - 320 б.